

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

Арай

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 01 (7885)
Жұма,
01 қаңтар 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» газеті

7 қаңтар - Рождество мейрамы

Құрметті катонқарағайлықтар!

Сіздерді жарқын мереке – Христос Рождествосымен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке айналадағыларға құрмет пен сүйіспеншілікті, риясыздықты насихаттайды, осы жолдағылардың жүрегін мейірім шуағына толтырады, мейірбандық сезіміне бөлеп, болашаққа деген нық сенімді нығайтады. Православиеліктермен біздің аудан тұрғындары Рождество мерекесінің қуанышын бөліседі. Төзімділік пен бірлікті әлемдік қоғамдастықта үлгі ұстайтын, Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлттар мен діни наным өкілдері үшін Рождество үйлесім мен өзара түсіністікті бейнелейді. Бұл мереке адамдарға махаббат пен үміт отын сыйлайды, туған-туыстарға мейірімділік пен қамқорлық жасауға үйретеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қашанда: «Қазақстанның басты құндылығы – мемлекеттің негізін құрып отырған, оның тұрақтылығының кепілі болып табылатын көпұлтты халқымыздың бірлігі мен келісімі», - деп атап айтты. Тәуелсіз республикамыздың халқы үшін Рождество мерекесі – кеңпейілділікті, жомарттық пен бірлікті, өмір құдыреттілігі мен жақсылықты бейнелейді. Осы қасиеттер Қазақстанда тұратын әртүрлі діни нанымдағы адамдардың өзара қарым-қатынас негізі болып отыр. Осының арқасында еліміз

экономикада, саясатта және әлеуметтік салада үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Христос Рождество мерекесі - жастарды діни адамгершілікке, сүйіспеншілікке және бір – біріне деген жақсы қарым-қатынасқа тәрбиелейтін маңызды факторлардың бірі. Православиелік христиандар мемлекетіміз бен қоғамымыздың дамуына және нығаюына қарқынды үлес қосуда.

Қымбатты жерлестер!

Рождество мерекесінде сіздерге мықты денсаулық, қуаныш, барлық ойлаған армандарыңыздың орындалуын, бейбітшілік пен келісім, үлкен үміттер мен асқақ белестер тілейміз. Сіздердің әрбір істеріңіз бен ниеттеріңіз таза, әрі сәтті болсын! Барлық ұмтылыстарыңыз жүзеге аса берсін!

Қалиқан Байғоңұсов, аудан әкімі.
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.



★ РЕСПУБЛИКАДА

Жаңа Жыл – жарқын мереке



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Думан» ойын-сауық кешенінде өткен Астананың жаңажылдық кешіне қатысты. Жиналғандарға сөз арнаған Мемлекет басшысы алдағы жылды республикамыз өз Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткізетінін айтты. Ұлы мерекені лайықты қарсы алу үшін бүкіл еліміз жұмыла еңбек ететін болады. Егемендік жылдары жаңа ел қалыптасты, оған барша қазақстандықтардың күш-жігері арқылы қол жеткізілді. Көпэтносты және көпконфессиялы халқымызға бірлескен жұмыс үшін зор алғысымды білдіргім келеді, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев баршаны алдағы Жаңа жылмен құттықтады және елімізге игілік, әр үйге татулық пен келісім тіледі.

Қайырымдылық кешінен түскен қаражат түгелімен «Мейірімділік» Ерікті қоғамы» қорына аударылады.

egemen.kz.

■ Ресми бөлім

Жылды қорытындылай келе

2015 жылды қорытындылаған аудандық әкімдік отырысы аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсовтың төрағалығымен 28 желтоқсан күні өтті.

Күн тәртібінде екі негізгі мәселе қаралып, екі ақпарат тыңдалды:

1. «Саламатты Қазақстан 2011-2015 ж.ж.» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру туралы;

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы.

Ақпараттар:

1. 2015 жылғы 1 желтоқсанға жергілікті өзін-өзі басқарудың (ауылдық округ әкімдері аппараттарының) қолма-қол ақшаның бақылау шоттарына түсуі және қалдықтары туралы;

2. Аудандағы клуб мекемелерінің жұмысы туралы.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша баяндама жасаған АОА бас дәрігері Сәуле Байгерева мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі нәтижелеріне тоқталды. Нақты айтқанда, ол 2011 жылмен салыстырғанда соңғы бес жылда балалар өлімі үш есеге төмендегенін атап өтті. Аналар өлімі жағдайлары тіркелмеген. Өкпе ауруына шалдығу 63,7 пайызға төмендеген. Соңғы екі жылда бұл сырқаттан қайтыс болғандар жоқ. Әлеуметтік, маңызды сырқаттардың салдарынан қайтыс болғандар саны азайған. Жүрек-қан тамырлары сырқатынан қайтыс болғандар саны -78 пайызға, қатерлі ісік сырқатынан қайтыс болғандар саны 41 пайызға төмендеген. Өмір сүру ұзақтығы 68,5 жастан 70,7 жасқа дейін ұзарған. Кәсіби медициналық байқаудан өткізу және скринингтік бағдарламаларды енгізуге байланысты сырқаттарды ерте сатыда анықтап, жоғарыдағыдай көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік туды.

Соңғы екі жылда АОА-ға медициналық университетті бітірген сегіз дәрігер келді. Кадрлар мәселесі толық шешілді. Осы уақыт аралығында 20,6 млн. теңгеге медициналық құрал-жабдықтар алынды.

2014 жылы төрт жедел жәрдем автомобильдері берілді. Олардың жалпы саны бүгінгі күні тоғыз автомобильге жетті.

Алтынбел ауылында барлық заманауи талаптарға сай жаңа амбулатория қолданысқа енгізілді, АОА-ның инженерлік жүйелеріне толықтай жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2015 жылы 96,2 млн. теңгенің тегін дәрі-дәрмектерімен 2981 адам қамтамасыз етілді.

2016 жылдан бастап 2016-2020 жылдарға жаңа «Денсаулық» бағдарламасы жүзеге асырыла бас тайды.

Катонқарағайдағы ауданаралық аурухананың бас дәрігері Арқабек Қадырбаев алғашқы мәселе бойынша қосымша баяндама жасады. Ол Катонқарағай өңірі бойынша «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері мен денсаулық сақтау саласының дамуына нақты тоқталды.

2012 жылмен салыстырғанда өлгендер саны 154-тен 123-ке дейін төмендеген. Осы аралықта аналар өлімі болған жоқ. 2015 жылы балалар өлімі де тіркелмеді.

Бала туу саны 127-ден 124-ке дейін кеміді. Өкпе және қатерлі ісік аурулары бойынша сырқаттар саны төмендегені байқалады.

Қатерлі ісік, жүрек-қан тамырлары ауруы, қант диабеті, глаукома және басқа да сырқаттарды ерте сатыда анықтау бойынша скринингтік байқаудан тұрғындар 100 пайыз өткізілді. Медициналық байқаудан өткізуді жоспарлаған 3247 бала түгелдей қамтылды. 46,5 млн. теңгенің тегін дәрі-дәрмегі берілді. Ағымдағы жылы ауданаралық ауруханаға үш дәрігер және үш медбике, амбулаториялар мен медпункттерге үш фельдшер жұмысқа қабылданды.

Өрел және Жамбыл амбулаториясы мен медпункті күрделі жөндеуден өткізілді.

Аталмыш мәселені талқылау барысында аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсов «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру ауданның денсаулық сақтау саласын дамытуға зор ықпал еткендігін, осының нәтижесінде айтарлықтай мөлшерде емдеу мекемелерінің материалдық және қаржылық жағдайлары жақсарғандығын атап өтті. Әйтсе де, денсаулық сақтау саласында әлі де болса шешілмеген мәселелер баршылық.

2011 жылдан бастап тұрғындар арасында қайтыс болғандар саны бұрынғы деңгейде қалып отыр. Бала туу саны жыл сайын төмендей түсуде.

Бұл көрсеткіштерге тек медицина мекемелерінің іс-қызметі ғана емес, құқықорғау, білім беру, мәдениет мекемелерінің ауылдық округтер әкімдерінің іс-қызметі де ықпал ететіндігі сөзсіз. Қайтыс болғандардың арасында жол-көлік оқиғаларының, жарақат алудың, өз-өзіне қол жұмсаудың, алкоголь ішімдіктерін пайдаланудың және т.б. салдарынан қайтыс болғандар саны да айтарлықтай, немесе бұл көрсеткіш жалпы қайтыс болғандар санының 22 пайызын құрап отыр.

Біздің ортақ міндетіміз – тұрғындар арасында түсінік жұмыстарын нығайту, ең бастысы бұл жұмыстар тәуекелге бейім топтардың арасында жүргізілуі тиіс,- деді аудан әкімі.

Денсаулық сақтау мекемелері жұмысының осал тұстарының бірі – ол тұрғындар арасында ақпараттық, түсінік жұмыстарының жеткіліксіздігі.

Медицина қызметкерлері аудандық газет бетінде, тұрғындар жиынында түсінік жұмыстарын өте сирек жүргізеді. Сондай-ақ, округтерге шығу күндері де өте сирек. Тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында өткізілетін «Дөңгелек үстел» отырыстары да ұмыт болған.

Ал олардың ұсыныстары мен өтініштерін өз жұмыстарын жақсарту үшін пайдалану қажет.

Аталмыш мәселені талқылау барысында ақпарат берген аудан прокурорының орынбасары Айгүл Абдулова ауданның медицина мекемелерін тексеру барысында анықталған кемшіліктер бойынша бірқатар ескертулер жасады.



АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Нұр Отан» партиясымен, ұрпақтардың ұнқатысуымен сабақтастығын қамтамасыз ету, қоғамда ауызбіршілікті, патриотизмді, салт-дәстүрлер мен қарттарға құрметті нығайтуға бағытталған «Ардгерлерді ардақтайық» жобасы жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында 29 желтоқсан күні, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Қалиқан Байғоңұсовтың тапсырмасы бойынша, Үлкен Нарын ауылдық округінің әкімі, бастауыш партия ұйымының төрағасы Абайхан Ахметов пен «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлбаршын Ағажеева Ұлы Отан соғысының ардагері Никонов Николай Байғоңұсұлының үйіне арнайы барып, мерекемен құттықтады. Олар бұрынғы майдангерге жаңажылдық сыйлықтар табыс етіп, мықты денсаулық тілеп, елін қорғап, ұрпақтары үшін бейбіт өмір сыйлағаны үшін алғыстарын жеткізді. Ардагер өз кезегінде мемлекет, аудан басшылығына қамқорлықтары мен көңілдеріне ризашылығын білдірді.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.



Жылды қорытындылай келе

(Жалғасы. Басы 1 - бетте)

Нақты айтқанда ол, тексеру барысында кейбір медицина мекемелерінің жұмыс уақытында жабық болғандығын, жекелеген дәрігерлердің жұмыс орындарында болмағандығын атап өтті. Көрнекі үгіт-насихат құралдары нашар ресімделген. Жиындардың күн тәртібінде дәрігерлер баяндама жасамайды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселені қорытындылай келе, аудан әкімі медицина қызметкерлері арасындағы еңбек тәртібі мен жауапкершіліктің алдыңғы кезекте болуы тиіс екендігін атап өтті.

Дәрігерлердің дәрежелігін, немқұрайлылығын, кәсіби біліктілігінің төмендігін сырқат адамдар әлдеқайда өткір сезінеді. Өкінішке орай, дәл осындай қызмет түрлері, кадрлар мен материалдық-техникалық база өзімізде бола тұра, сырқаттардың көпшілігі дәрігердің қабылдауына және емделуге Зырянға немесе облыс орталығына баруы жиі кездеседі. Бұл – дәрігерлерге деген сенімнің, тұрғындар арасындағы ақпараттандырудың нашарлығы.

Медицина мекемелерінің іс-қызметі ашық болуы тиіс. Тұрғындар біздің ауруханалардың мүмкіндіктерін толық біліп, ем қабылдауды таңдауда жергілікті, аудандық медицинаға басымдық беруді тиіс.

Өйтпегенде, біздер нәліктен жаңа ауруханалар са-

лып, мемлекет оларды жабдықтауға қыруар қаржы бөліп отыр?

Ең бастысы, Президент Н.Ә. Назарбаевтың денсаулық сақтау саласын дамытуға, ұлт денсаулығын нығайту мақсатында жасап отырған қамқорлығына орай жақсы нәтижелерге қол жеткізуге тиіспіз, – деді аудан басшысы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық әкімдіктің заңгері Жанар Қанафина ақпарат берді.

Ол өз сөзінде елімізді модернизациялау бойынша Президент алға қойған жаңа міндеттерді сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізбейінше, толық орындау мүмкін еместігін айтты. Біздің ауданымызда бұл мәселеге аса зор маңыз берілуде, бірегей ақпараттық жүйе енгізілуде. Ағымдағы жылдың басынан бері тұрғындарға қызмет көрсету орталығына мемлекеттік қызметтің қосымша тоғыз түрі берілген.

Отбасы істері және гендерлік саясат, жастар істері, мемлекеттік емес ұйымдармен өзара іс-әрекет, діни бірлестіктер бойынша аудан әкімі жанында комиссиялар құрылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында барлық органдардың сенім телефондары жарияланған. Мемлекеттік органдар басшылары өз кірістері жайлы ақпараттарды жария етуде.

Аудандық газет бетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жайлы материалдар кеңінен жарыққа шығуда. Көрнекі үгіт-насихат жұмыстары да жүргізілуде.

Аталмыш мәселені талқылай отырып, аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов бұл мәселенің аса маңызды екендігін атап өтті, мемлекеттік құрылымдар басшыларының барлығына қоластындағы қызметкерлердің іс-әрекетіне күнделікті бақылау жасауды ескертті, үнемі алдын-алу және ақпараттық жұмыстар жүргізуді ұсынды.

Онан соң, аудан басшысы ауылдық округтер әкімдері мен бөлімдер басшыларының осы сұрақ бойынша есеп беру, мемлекеттік қызметтер мен мемлекеттік сатып алулар және т.б. бойынша семинар өткізу бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Онан соң, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жанар Большанова, мәдениет және тұрғындар демалысы Орталығының директоры Ринат Жаманбаев ақпарат берді.

Барлық қаралған мәселелер бойынша аудандық әкімдіктің тиісті қаулылары қабылданды.

Жомарт Жақыпов.
Сурет автордікі.



Көңілді өткізді

Аудан әкімінің Катонқарағай өңірінің әл-ауқаты төмен отбасыларының өткізетін дәстүрлі жаңажылдық шырша мерекесі Топқайың орта мектебінде болып өтті. Оған жиырма бір мектептен 89 бала келіп жергілікті мектептің мұғалімдер ұжымы дайындаған мерекелік бағдарламаға қатысып ән айтып, би биледі, жұмбақтар шешті. Қалихан Ысқақовтай дара тұлғаның, Темірбек Исабаев пен Тоқтасын Қалибековтей үлкен жүректі кәсіпкер азаматтардың жерлес іні-қарындастары келген жас қонақтардың көңілдерін көтеру, Жаңажылдық шырша мерекесінің балалардың есінде жақсы сақталынып қалуы үшін

шығармашылықпен еңбек етті. Мектеп мұғалімдері Әлия Сіләмова мен Назгүл Ержанқызы мерекелік бағдарламаны қызықты етіп жүргізе білді.

Мерекелік шара аудан әкімінің орынбасары Бибиғүл Рақышеваның құттықтау сөзімен басталды. Ол тарих қойнауына кетіп бара жатқан қой жылы жалпы Қазақстан, онымен бірге біздің Катонқарағай ауданы үшін де берекелі, мерекелі жыл болғанын атап өтті. Келер жылдың да халқымызға берері мол, табысты жыл болуын тіледі. Оқушыларды сабақтарын жақсы оқып, ойлаған мақсаттарына жетіп, еліміздің мықты азаматтары болуға шақырды. Сонымен бірге, аудан әкімінің сыйлықтарын тапсырып, тәтті-дәмділерді үлестірді.

Алпыс километр қашықтықтағы



Өрел ауылынан келген оқушы Ерғанат Мәдібаев, Қабырға негізгі орта мектебінің директоры Маржан Ошаева, ата-ана Дәурен Қалибеков т.б. топқайыңдық ұстаздар ұйымдастырып

өткізген жаңажылдық шыршасы үшін өз ризашылықтарын, мектеп ұжымына алғыс сезімдерін білдірді.

Өз тілшіміз.

ТұСАУКЕСЕР



Соғыс батырлары туралы трилогия



Аудан орталығындағы Шығармашылық үйінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында басылып шыққан «Ерлік – Дастан» трилогиясының үшінші кітабының тұсаукесері болып өтті.

Трилогияның авторы және құрастырушысы – журналист, ақын және жазушы ҚР журналистер Одағының мүшесі, аудандық «Арай» - «Луч» газетінің меншікті тілшісі Жәнібек Қызыров басылымның алғашқы екі бөлігін Ұлы Жеңістің 60 және 65 жылдық мерекелеріне арнап, 2005 және 2010 жылдарда шығарған кітапта Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жерлестеріміздің еңбектегі және соғыстағы ерліктерін баяндайды. Бұл кітаптарда 1941-1945 жылдарда Отан қорғаған жүздеген жерлестеріміздің есімдері аталып өткен және бұл басылымның жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие берудегі маңызы өте зор екендігі сөзсіз.

Аудандық газетте 44 жыл еңбек еткен Жәнібек Қабдуәліұлы соғысқа қатысқандар мен тыл еңбеккерлері туралы көптеген материалдар жинақтап, оларды орынды пайдалана білді. Кітапқа енгендердің есімдері мәңгілік ел есінде сақталатын болады. Кітап авторына әкімдік қызметкерлері, аудандық мәслихат депутаттары, жерлес-жазушылар, кітапханашылар, мұрағатшылар, мектеп мұғалімдері мен аудандық газет тілшілері зор көмек көрсетті. Өте үлкен, ауқымды жұмыс атқарылып, нәтижесінде өткен жылдың 9 мамыры қарсаңында кітап жарыққа шықты.

Зор шығармашылық еңбектің

арқасында басылып шыққан «Ерлік-Дастан» трилогиясының соңғы бөлігінің тұсаукесерінде Жәнібек Қызыров оны әзірлеуге атсалысқандардың барлығына ризашылығын білдірді.

Тұсаукесерде аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов, аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразхан Тұрысбаев, Катонқарағайдағы Ленин атындағы мектептің директоры Орсей Ұранбаев, Өрел ауылдық округінің әкімі Еркін Көбешов, аудандық газет редакторы Жомарт Жақыпов, еңбек ардагері Аманжан Нұқсарин Жәнібек Қызырға атқарған зор еңбегі үшін ризашылықтарын білдіріп, естелік сыйлықтар табыс етті.

Аталмыш шараны кітаптың тұсаукесері деп қана емес, Жәнібек Қызырдың шығармашылық кеші деп те айтуға болады. Өйткені, салтанатты шара барысында аудандық мәдениет және тұрғындар демалысы Орталығының әртістері Жәнібек Қабдуәліұлының сөзіне жазылған әндерді орындап, кеш соңында салтанатты жиынды өткізуге себепкер болған Ж. Қызыр өзінің бірнеше жаңа өлеңдерін оқыды.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет Ж. Жақыповтікі.

Дөңгелек үстел

Дін - татулық тірегі

Біздің қоғамда «Дін – мемлекеттен бөлек» деген ежелден қалыптасқан қағида бар. Бұл – мемлекет саясатына дін, ал дін мәселелеріне мемлекет араласпауы керек деген жалпақ түсінікпен айтылған сөз болса керек. Шындығына келер болсақ, дін саласы мемлекеттің қолдауына қаншалықты мұқтаж болса, ел іргесінің беріктігі мен шаңырағының шайқалмауында діннің рөлі соншалықты жоғары.

22 желтоқсан күні аудандық Мәдениет үйінің конференция залында аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен аудандық орталық мешіттің ұйымдастыруымен «2015 жылғы аудандық дін ахуалының жағдайы» атты дөңгелек үстел шарасы өтті.

Аталмыш іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Жанболат Тыныбеков, ауылдық округтер әкімдері, құқыққорғау органдарының, жастар Орталығының өкілдері, ұлттық қауыпсіздік комитетінің қызметкерлері, дін саласындағы мамандар және ауыл молдалары қатысты.

Жиын барысында аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қайыржан Сәдуов ауданның дін ахуалы бойынша жасаған ШҚО сараптама және болжау институтының қорытындысы туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, ол ел Президенті Н.Ә. Назарбаев имамдарды діни тұрақтылықты нығайту, өскелең ұрпақты дін атын жамылған теріс ағымдар ықпалынан сақтау жолында табанды жұмыс жүргізуге шақырғандығын атап өтті.

Ауданының бас имамы Шодихон қажы Хидиров ауыл молдаларына ҚМДБ-нің ШҚО өңірі бойынша Бас мұфти Ержан-қажы Мөлғажыұлының бұйрығымен жаңадан тағайындалған өкіл имам Ермек Мұқатаев жайлы сөз етіп, дін жолындағы қызметімізді одан әрі өрбітуге бірлесе атсалысу керектігін жеткізді.

Сонымен қатар, ол бірқатар тапсырмалар мен ұсыныстарға жеке-жеке тоқталып өтті. Ауданымызда діни ахуалға - атап айтар болсақ, кері ағымдар мен дәстүрлі дініміздің аражігін ажырату мақсатында халықтың діни сауатын ашу керектігін айтты.

Күнделікті 5 уақыт намаз барысында мешітте болып, намаздардың өткізілу тәртібіне бақылау жасауды, сонымен бірге әр мешіт шәкірттері санын арттыру қажеттігін насихаттады. Әр молда өз қызметіне жауапкершілікпен қарап, мешіттердің құжаттарын реттеп, жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, ислам дінінің атын жамылған кері ағымдарға тосқауыл бола білу керектігін тапсырды. Сондай-ақ, Шодихан-қажы ауыл молдаларын келер жылдың 15 қаңтарында Өскемен қаласында басталатын



бір айлық тегін оқыту курсынан өтуге шақырып, оларға ҚМДБ-да берген «Құран» кітаптары мен «Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы», «Қазақстан мұсылмандарының тұжырнамасы», «ҚМДБ қызметкерінің этикасы», «Иманың тұлғалық келбеті», «Мұсылманның тұлғалық бейнесі» атты кітапшаларды табыстап, әр ауылдың молдасы осы сипаттармен сипатталу керек екендігін ескертті.

Шара барысында сөз алған, дөңгелек үстелге қатысушылар қазіргі күні біліктің діни наным-сенімге, соның ішінде ислам құндылықтарына деген көзқарасы дұрыс болғанымен, мешіт-медреселер салу, имамдардың әлеуметтік жағдайын көтеру сынды рухани құндылықтарымызды қаржыландыру жағы өлі де болса жетілдіруді қажет екендігін жеткізді. Бүгінде көптеген ауылдар мешітсіз отыр. Енді бір ауылдар молданы көрші ауылдан немесе аудан, қала орталықтарынан іздеуге мәжбүр екенін тілге тиек етті. Шыны керек, қазір ауданның бірқатар ауылдарында халықты имандылық нәрімен сусындататын білімді, білікті дін мамандары жетіспейді. Иمامы жоқ мешіттерге жамағат та жоламайтыны белгілі ғой. Бұл мәселені жастар Орталығының маманы Тимур Смағұлов та көтеріп, дін саласына білімді жастарды тарту керектігін айтты.

Қазақта «Дін – ұстай алсаң - қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің» деген сөз бар. Дінді ұстау үшін бірінші – халық көп шоғырланған жерде ғибадат орындары, екінші – дін саласын жақсы меңгерген мамандар көп болуы керек. Бұл – ертеңгі ұрпақтың ата-баба дәстүрінен жаңылып, шариғат жолынан ажырап қалмауының бір кепілі. Осындай мәселелерді терең ойлап, ел сенім артып отырған бүгінгі буын ертеңгі таңына осы үш нәрсені ақыл санасына салып ала барса еліміздің келешегі кемел, бағы баянды болар деген үміттеміз.

Жанар Қасымханова.
Суреттер автордікі.

СұРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ!**ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСТЫРЫЛУДА**

«...Әлеуметтік әділеттілік бұрмаланбауы тиіс. Өйткені, әрбір әлеуметтік төлем – бұл жай бюджетке ғана емес, әрбір жұмыс істейтін қазақстандыққа қосымша салмақ. Әлеуметтік әділеттілік

идеясы жұмыс істейтін қазақстандықтарға қатысты әлеуметтік әділетсіздікке айналмауы тиістігін нақты түсіну керек...»
Н.Ә. Назарбаев.

Экономикалық ауыртпалықтарға қарамастан, Үкімет халыққа әлеуметтік қолдау шараларын жалғастыруда. Әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалғандар үшін әртүрлі бағдарламалар әзірленуде. Олардың бірі – «Өрлеу» бағдарламасы. «Сұраңыз, жауап береміз!» айдары бойынша редакция қоржынына түскен сауалдарға бүгін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Л. Тоқсанова жауап береді.

- "Өрлеу" жобасы дегеніміз не?

- Отбасының әлеуметтік белсенділігін арттыру бағытында келісім-шарт жасасу арқылы мемлекеттік шартты ақшалай көмек көрсету (ШАК)- бағдарламасының шарттарын орындауға міндеттенген отбасыға әлеуметтік көмек көрсетудің белсенді нысандары көзделген қанатқақты жоба.

- Жобаға қатысудың пайдасы неде?

- "Өрлеу" жобасы ай сайынғы төлем түрінде шартты ақшалай көмек көрсетуден қатар, бірнеше мүмкіндіктер ұсынады:

-жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге;
-мамандық алуға, қосымша мамандық алу үшін;
-қайта даярлықтан өтуге;
-қажет болған жағдайда отбасының әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды көздейді.

-Жобаға кімдер қатыса алады?

- "Өрлеу" жобасына орташа айлық та-

бысы жан басына шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейі 60 пайыздан төмен болатын отбасылар (азаматтар), егер еңбекке жарамды отбасы мүшелері жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге белсенді түрде қатысқан жағдайда қатысуға құқылы.

-Жобаға қатысу үшін не қажет?

-Жобаға қатысу шарттары туралы кеңесті аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен немесе ауылдық жерде тұратын болсаңыз, ауыл әкімінен ала аласыз. Егер сіз "Өрлеу" жобасына қатысуға келісіміңізді берсеңіз, сізбен әңгімелесу жүргізіледі.

Әңгімелесу барысында мынадай жөйттер:

- үміткердің ШАК (шартты ақшалай көмек) алуға құқығы;
- отбасы мүшелеріне жеке мүмкіндіктеріне қарай көрсетілетін әлеуметтік қызмет түрлері;
- отбасының әлеуметтік белсенділігін арттыру келісім-шартына отбасының

әрбір еңбекке жарамды мүшесі үшін енгізілген бейімдеу шаралары анықталады.

- Қатысу үшін қандай құжаттар ұсыну керек?

- өтініш берушінің жеке куәлігі;
- отбасы құрамы туралы анықтама;
- тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекен-жай анықтамасы немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы;
- қамқорлыққа бала алған жағдайда, оны растайтын құжат (қажеттігіне қарай);
- жеке қосалқы шаруашылығыңыз туралы мағлұмат (қажеттігіне қарай).

- Отбасы қанша уақыт жәрдемақы ала алады ?

- Жәрдемақы алу мерзімі 12 ай. Осы мерзім ішінде отбасы әлеуметтік белсенділігін арттыру шартын орындаған жағдайда, отбасының мұқтаждықтан арылуына мүмкіндік туады, тұрақты табыс келеді және еңбек нарығында өзін бекітеді.

- Егер мен жұмысқа орналассам, ол жәрдемақының көлеміне қалай әсер етеді?

- Отбасының әлеуметтік белсенділігін арттыру шарты мерзімінде адам басына шаққандағы кіріс (егер отбасыңыздың

санында өзгеріс болып жатса ғана қайта қаралады) қайта қаралмайды. Яғни, сіз жұмысқа орналассаңыз немесе басқа табыс көзін тапсаңыз да, 12 айға белгіленген жәрдемақы көлеміне ол әсер етпейді.

- Мен шалғай ауылда тұрамын. Жобаға қалай қатыса аламын?

- Ондай жағдайда ауыл әкіміне жолығып немесе ассистентпен әңгімелесуден өтіп, өтінішіңізді ауыл әкіміне тапсыра аласыз. Сондай-ақ, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жылжымалы жұмыс тобы ұйымдастырылады.

- Менің жобаға қатысқым келеді. Істі неден бастайын?

- Алдымен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне немесе ауылдық жерде тұратын болсаңыз, тұрғылықты жеріңіздегі ауыл әкіміне жолығасыз. Одан соң, арнайы үлгіде өтініш жазып, отбасыңыз және материалдық жағдайыңыз туралы сауалнаманы толтырасыз, қажетті құжаттарды өткізесіз.

**Материалды даярлаған:
Нұрзада Исабаева.**

Ауылдық округ әкімдерінің 2016 жылғы қаңтар - ақпан аралығында халықпен кездесу КЕСТЕСІ

Ауылдық округ атауы	Әкімнің Т.А.Ж	Кездесу өткізетін уақыт	Кездесу өткізілетін орын
Солоновка а/о	Байғоңусов Айбек Владимирович	14.01.16ж сағ. 10-00	Малонарым ауылы, ауылдық клуб
		27.01.16ж сағ. 10-00	Солоновка ауылы, мектеп
		14.01.16ж сағ. 10-00	Қаражал ауылы, мектеп
Ново-Поляковка а/о	Байбосынов Сержан Тоқтарбекұлы	14.01.16ж сағ. 10-00	Сенное ауылы, мектеп
		14.01.16ж сағ. 14-00	Бесүй ауылы, бұрынғы мектеп ғимараты
		27.01.16ж сағ. 15-00	Новополяковка ауылы, мектеп*
		15.01.16ж сағ. 10-00	Маймер ауылы, ауылдық клуб
Алтынбел а/о	Жексембаев Қабдығали Нұрашұлы	19.01.16ж сағ. 11-00	Егінді ауылы, мектеп
		19.01.16ж сағ. 14-00	Үштөбе ауылы, ауылдық клуб
		03.02.16ж сағ. 15-00	Алтынбел ауылы, ауылдық клуб*
		15.01.16ж сағ. 14-00	Топқайың ауылы, мектеп
Белқарағай а/о	Қалибеков Дәурен Тоқтасынұлы	18.01.16ж сағ. 10-00	Өрнек ауылы, мектеп
		18.01.16ж сағ. 12-00	Сегір ауылы, мектеп
		26.01.16ж сағ. 10-00	Белқарағай ауылы, мәдениет үйі*
		19.01.16ж сағ. 11-00	Аршаты ауылы, ауылдық клуб
		19.01.16ж сағ. 15-00	Еңбек ауылы, ауылдық клуб
Өрел а/о	Көбешев Еркін Әмиұлы	29.01.16ж сағ. 14-00	Өрел ауылы, ауылдық клуб*
		20.01.16ж сағ. 11-00	Берел ауылы, ауылдық клуб
Жамбыл а/о	Аманов Әлібек Толықпайұлы	29.01.16ж сағ. 11-00	Жамбыл ауылы, ауылдық клуб*
		19.01.16ж сағ. 10-00	Жазаба ауылы, мектеп
Ақсу а/о	Тоқбаев Мұрат Мырзабекұлы	19.01.16ж сағ. 14-00ч	Ақшарбақ ауылы, бұрынғы мектеп ғимараты
		28.01.16ж сағ. 15-00	Ақсу ауылы, ауылдық клуб*
		22.01.16ж сағ. 10-00	Үшбұлақ ауылы, ауылдық клуб
Коробиха а/о	Макишев Бауыржан Нұролдаұлы	22.01.16ж сағ. 12-00	Барлық ауылы, мектеп
		28.01.16ж сағ. 10-00	Коробиха ауылы, мектеп*
		20.01.16ж сағ. 14-00	Қайыңды ауылы, ауылдық клуб
Аққайнар а/о	Нұрмолдин Рауан Қамбарұлы	20.01.16ж сағ. 16-00	Ақмарал ауылы, мектеп
		21.01.16ж сағ. 11-00	Қызыл Жұлдыз ауылы, ауылдық клуб
		02.02.16ж сағ. 10-00	Аққайнар ауылы, мәдениет үйі*
		21.01.16ж сағ. 14-00	Мойылды ауылы, мектеп
Катонқарағай а/о	Балтабаев Амантай Балтабайұлы	21.01.16ж сағ. 16-00	Қабырға ауылы, мектеп
		22.01.16ж сағ. 11-00	Жаңа Үлгі ауылы, ауылдық клуб
		22.01.16ж сағ. 15-00	Шыңғыстай ауылы, мәдениет үйі
		02.02.16ж сағ. 15-00	Катонқарағай ауылы, мәдениет үйі*
		15.01.16ж сағ. 10-00	Приморское ауылы, мектеп
Новохайрузовка а/о	Мамырханова Лаззат Жұмақанқызы	15.01.16ж сағ. 12-00	Алыбай ауылы, ауылдық клуб
		15.01.16ж сағ. 15-00	Құндызды ауылы, бұрынғы мектеп ғимараты
		03.02.16ж сағ. 10-00	Новохайрузовка ауылы, мәдениет үйі*

Үлкен Нарын а/о	Ахметов Абайхан Мағауяұлы	20.01.16ж сағ. 10-00	Свинчатка ауылы, бұрынғы мектеп ғимараты
		20.01.16ж сағ. 11-00	Көктерек ауылы, мектеп
		20.01.16ж сағ. 13-00	Балғын ауылы, мектеп
		20.01.16ж сағ. 15-00	Жұлдыз ауылы, мектеп
		21.01.16ж сағ. 10-00	Көкбастау ауылы, мектеп
Солдатово а/о	Ауылдық округ әкімінің м.а. Мәмиева Қания Әлібекқызы	04.02.16ж сағ. 11-00	Үлкен Нарын, аудандық Мәдениет үйі*
		26.01.16ж сағ. 15-00	Солдатово ауылы, мектеп*

Ескертпе: *кездесуге аудан әкімі қатысады.

Аудан әкімінің 2016 жылғы 26 қаңтардан 4 ақпан аралығында халықпен кездесу КЕСТЕСІ

№ р/н	Әкімнің Т.А.Ж	Кездесу өткізетін уақыт	Кездесу өткізілетін орын
1	Байғоңусов Қалиқан Байғозыұлы	26.01.16г 10-00ч	Белқарағай ауылдық округі, Белқарағай ауылы, ауылдық клуб ғимараты
2		26.01.16г 15-00ч	Солдатово ауылдық округі, Солдатово ауылы, мектеп ғимараты
3		27.01.16г 10-00ч	Солоновка ауылдық округі, Солоновка ауылы, мектеп ғимараты
4		27.01.16г 15-00	Новополяковка ауылдық округі, Ново-Поляковка ауылы, мектеп ғимараты
5		28.01.16г 10-00ч	Коробиха ауылдық округі, Коробиха ауылы, мектеп ғимараты
6		28.01.16г 15-00ч	Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, ауылдық клуб ғимараты
7		29.01.16г 11-00ч	Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылы, ауылдық клуб ғимараты
8		29.01.16г 14-00ч	Өрел ауылдық округі, Өрел ауылы, ауылдық клуб ғимараты
9		02.02.16г 10-00ч	Аққайнар ауылдық округі, .Аққайнар ауылы, ауылдық клуб ғимараты
10		02.02.16г 15-00ч	Катонқарағай ауылдық округі, Катонқарағай ауылы, мәдениет үйі
11		03.02.16г 10-00ч	Ново-Хайрузовка ауылдық округі, Ново-Хайрузовка ауылы, ауылдық клуб ғимараты
12		03.02.16г 15-00ч	Алтынбел ауылдық округі, .Алтынбел ауылы, ауылдық клуб ғимараты
13		04.02.16г 11-00ч	Үлкен Нарын ауылдық округі, Үлкен Нарын ауылы, аудандық мәдениет үйі

**Р. Құрмамбаев,
аудан әкімі аппаратының басшысы.**

СӨТТІЛІКТЕР ТІЛЕЙМІЗ!

Біздің очеркіміздің кейіпкері – Төлемісова Айгүл Шөлкесқызы – Коробиха ауылдық округіндегі Үшбұлақ ауылындағы жеке кәсіпкер. Айгүл Шөлкесқызы болмысынан мейірбан, ашық-жарқын, сүйікті ісі мен отбасына берілген адам. Шаруа қожалығы жылқы ұстайды, Айгүл бие сауып, қымыз өндіреді.

Жаз айларында қонақжай үйге қонақтар, тіпті, бүкіл Қазақстаннан, шетелден келіп, емдік сусынды сатып алады, әсем табиғат аясында атпен серуен құрады.

Айгүл уақытының басым бөлігін омарташылықта өткізеді, ол барлық ауылшаруашылық жәрмеңкелерге, облыс және республика аумағында өтетін бал фестиваліне қатысып, неше мәрте жүлдегер атанды.

Ол шағын және орта бизнесті дамытуға арналған барлық мемлекеттік бағдарламаларға белсене қатысып,

асыл тұқымды мал басын сатып алып, жәрдемқаржы ресімдеуде.

2016 жылы алған несие есебінен Айгүл «Атпен серуендеу, қымыз өндіру және ұлттық салт-дәстүрмен киіз үйде тұру» бойынша туристік жобаны жүзеге асырмақ.

Айгүл Шөлкесқызы округтегі барлық мәдени-көпшілік шараларға белсене қатысып, үнемі демеушілік көмек көрсетіп отырады.

Коробиха ауылдық округі әкімі аппаратының атынан Айгүл Шөлкесқызын және оның отбасын Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз! Мықты денсаулық, отбасылық бақыт, қолға алған ісінің өркендеуін тілейміз!

**Г. Елемесова, Г. Качесова,
Коробиха ауылдық округінің
бас мамандары.**

Құттықтаймыз!



Берел ауылының тұрғындары ата-анамыз Әбенев Оралбек пен Ахметжанова Бақытты мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жүрегімізді жарып шыққан бар ізгі тілектерімізді өмірдегі ең қымбатты да ардақты жандар - асқар таудай әкеміз бен асыл анамыз, өздеріңізге арнаймыз. Бізді өмірге әкеліп, аялап өсіргендеріңіз үшін айтар алғысымыз шексіз.

Жүріңіз дәл осылай арамызда,
Нұр сеуіп, шаттық сеуіп санамызға.
Мерейтой құтты болсын, ардақты Әке!
Тірек болған әр күні ұл мен қызға.
Ұстаз болып білім бердің балаға,
Болам деген, жанам деген санаға.
Жүрегінен шуақ төгеді бітпейтін,
Сіздей болсын, мейірімді бар ана.
Құттықтаймыз мерейлі мерекенмен,
Денің сау боп, ұзақ жаса, жан Ана!
Ізгі тілекпен: ұлдарың - Рафхат, Ринат, келіндерің,
қыздарың - Ақгүл, Ақнұр, Аягүл, немерелерің.



Ризашылық

Асыл армандарыңыз орындалсын!

Аудандық психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті ұжымы атынан барша аудан тұрғындарын 2016 Жаңа жылмен құттықтаймыз!

Ерекше балаларға арналған жаңажылдық шырша мерекесін ұйымдастыруда, балаларды сыйлықпен, тәтті-дәмдімен қамтамасыз еткен біздің барлық демеушілерімізге, Мәдениет және тұрғындар демалысы орталығы қызметкерлеріне шын жүректен алғысымызды білдіріп, ризашылығымызды жолдаймыз!

Келер жыл Сіздерге және отбасыларыңызға бақ-береке, мол ырыс-дәулет, әрі қуаныш, жаңа ұмытылмас әсерлер мен үкілі үміттер сыйласын. Ертегіге елітер осы ғажайып кезеңде барлық асыл армандарыңыз орындалсын! Жарқын да көңілді, табысты әрі мақсатты жыл болуына тілектеспіз!

Ізгі тілекпен: ұжым атынан Тлеудинова Тоты Әбілғазықызы.

Ғажайып мереке қарсаңында

Әлемдегі ең ғажайып мереке - Жаңа жыл қарсаңында психологиялық педагогикалық түзеу кабинетінде балаларының қатысуымен «Он екі ай» ертегісі бойынша қойылым көрсетілді. Дефектолог Гүлнар Нұрғалиева және логопед Индира Көшербаевалардың ұйымдастыруымен өткізілген ертегі-қойылымды дайындау барысында мамандар балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, рөлге еніп сөйлеу ерекшелігін, сонымен қатар, танымдық қабілеттерін дамытуды көздеді. Қойылым барысында балалар әр кейіпкердің костюмдерін киіп, рөлдерге еніп, өз өнерлерін көрсетті. Ертегіні ойнау барысында «ханшайымның» рөлін ойнаған К.Нечаева, «өгей қыздың» рөлін сомдаған М.Коробейникова, «профессор» рөліндегі В.Бриктониндерді ерекше атап өтуге болады.

Желтоқсанның жиырма сегізінші жұлдызында аудандық Мәдениет үйінде аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсовтың қатысуымен әлеуметтік бөлімі және түзеу кабинетіндегі ерекше балаларға арналған жаңажылдық шырша мерекесі өткізілді. Мерекелік шара аудандық Мәдениет үйі өртістерінің дайындаған сахналық қойылымнан

басталды. Ертегі кейіпкерлерінің күлдіргі қойылымы мерекеге қатысушы бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің мерекелік көңіл күйлеріне сиқырлы сезім сыйлады. Онан соң, балалар қалыптасқан дәстүр бойынша өздерінің түрлі-түсті сәнді киімдерімен шыршаны айналып, ән айтып, би биледі. Мерекенің арнайы қонағы - аудан әкімі Қалиқан Байғоңұсов ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының балалар үшін жасалып жатқан үлкен жемісті еңбектерін айта келе, ерекше балаларға өзінің жүрекжарды мерекелік құттықтауын жеткізді.

Мерекеге алыстан келген Аяз ата мен Ақшақар барлық қатысушыларды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, балалардың өнерлерін тамашалады.

Мереке соңында барлық балалар аудан әкімімен естелік суретке түсті. Қорыта айтқанда, жаңажылдық шырша мерекесінен балалар жағымды әсер алып, тамаша көңіл-күймен қайтты.

**Эльмира Есенғазина,
психологиялық педагогикалық
түзеу кабинетінің әдіскері.**

АУДАНЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

Катонқарағай ауданында 2015 жылдың 1 желтоқсанында бос жұмыс орындар келесі мамандықтар бойынша бар:

«Катонқарағай ауданының білім беру және дене шынықтыру бөлімінде» есепші 7 бірлік, «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жар-

тылай стационарда» психолог 1 бірлік, логопед 0,5 бірлік, «Катонқарағай ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» дефектолог 1 бірлік, «Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде» есепші 1 бірлік.

Катонқарағай өңірінің тұрғыны 07.04.1951 жылы туған **Таукенов Қажымхан Ануарбековичтің** атына берілген жүргізушілік төлқұжаты және зейнетақы карточкасы жоғалды.

Тауып алғандар болса, қайтарып берулерін өтінеміз! Сыйақысы дайын.
Тел. (872342) 2-14-50; 87773016572; 87777082331.

Еске алу



Үштөбе ауылының тұрғыны болған ардақты әкеміз ҚАЙЫРҒАЗИН ТҰРСЫНДЫ сағына еске аламыз.

Сағынып еске аламыз өзіңізді,
Жан балам деп елжіреген лебізінді.

Сұм ажал айырмаса сізді бізден, Тойлар едік 80-ге толған тойыңызды. Әке, сіз бізге асқар тау болдыңыз, Өрқашан жасыл желек бақ болдыңыз. Тек сізді жақсылықпен еске алады, Асырап, ер жеткізген бар балаңыз.

Еске алушылар: зайыбы және балалары.

**Меншік иесі
«Шығыс Ақпарат»
ЖШС-і. Директоры
Н.Қ. Қуантаев**

**Компьютерлік беттеу операторы:
Жайдары Нұрғазина**
Газет нөмірі бойынша кезекші:
Жанар Қасымханова

**Катонқарағай ауданы бойынша
«Шығыс Ақпарат»
ЖШС-нің бөлімі
«Арай» - «Луч» газеті
Бас редактор
Жомарт Жақыпов**

**Телефондар:
Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,
Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.
Бухгалтер - 2-19-96.
Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.
Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.
Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы,
Абылайхан көшесі, № 96 үй.
e-mail: arai-luch@mail.ru**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. **Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.** Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1653, «Луч»-1214. № 7789



БЕКІТЕМІН:

«Шығыс ақпарат» ЖШС директоры

Н.Қ. Қуантаев



Прайс-парақ 2016 ЖЫЛ

«Арай» «Луч» газетінде жарияланатын ақылы қызметтердің бағасы

Коммерциялық хабарландырулардың 1 ш. см. бағасы

- Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар үшін - 40 теңге;
- Басқа да заңды тұлғалар үшін - 80 теңге;
- Сайлаулар бойынша жарнамалық мақалалардың бағасы (аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлер үшін) - 250 теңге;
- Ұжымдардың құттықтаулары, ризашылықтары - 20 жолға дейін -1500 теңге;
- Кеңейтілген мәтін (20 жолдан артық немесе суретімен) - 2600 теңге;
- Заңды тұлғалардың, ЖК, ШҚ басшылары құжат жоғалтқандығы туралы хабарландыруы - 2000 теңге;
- Кәсіпкерлік іс-қызметін тоқтатқандығы туралы хабарландыру - 2000 теңге;
- Бос жұмыс орындары туралы хабарландыру - 2000 теңге;
- Ваканттық жұмыс орындары туралы хабарландыру (конкурс) - 9000 теңге;
- Қазанама - 1500 теңге.

Жеке тұлғалар үшін

- Хабарландырулар, құттықтаулар, еске алулар: 20 жолға дейін - 1300 теңге; 20 жолдан артық, суретімен - 2000 теңге.

Құрметті жарнама берушілер!

«Шығыс ақпарат» ЖШС медиа-холдингінің құрамындағы «Арай» «Луч» газеті бүкіл Катонқарағай ауданының аумағына таратылады.

Сіздерді өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуге шақырамыз.

Мекен-жайымыз: 070900

Қазақстан Республикасы, ШҚО, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын а., Абылайхан к-сі, 96, тел. 8(72341) 2-90-60; 2-19-96, e-mail: arai-luch@mail.ru.

Орымханова Қуаниғаның атына берілген F795 ВСМ нөмірлі автомобильдің мемлекеттік нөмірі төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Солоновка ауылдық округінің әкімдігі Солоновка ауылының тұрғыны

Жидебаев Серіктің

қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Малонарым ауылындағы балабақша ұжымы жергілікті мектептің директоры Отчегарова Роза Бабақұмарқызына ұлы

Мерхаттың

мезгілсіз қаза болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.